

БЕКТЕМНІ  
"Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық техникалық университеті"  
КеАҚ басқарма төрағасы-ректор  
А.М. Наметов  
« 23 » 2022 ж.

**ВЕТЕРИНАРЛЫҚ МЕДИЦИНА ЖӘНЕ  
МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ИНСТИТУТЫНЫҢ «ЖӘРДЕМ-ВЕТ»  
ОҚУ-ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ  
БӨЛІМ ЕРЕЖЕСІ**

СМЖ.07.БЕ.41

№ 03 басылым  
№ \_\_\_\_\_ дана

Дайындалды: 19.09.2022ж.	Келісілді: 22.09.2022ж.	Енгізілді: 23.09.2022ж.
Нурғалиев Б.Е. Сидихов Б.М.	Губашев Н.М. Алмағамбетова М.Ж. Тасқалиев Е.К. Ихсанов Е.Б.	23.09.2019 ж. СМЖ.07.БЕ.41 Қайта қаралуы 23.09.2025ж.

## Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты және негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Жұмыстың ұйымдастырушылығы
7. Басқа бөлімдермен өзара байланысы
8. Жауапкершілігі
9. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылымдық бөлімі болып табылады, меңгерушісімен басқарылады. Орталық білім беру, ғылыми-зерттеу қызметімен, сонымен қатар әртүрлі патологиялары бар жануарларды диагностикалау және емдеу бойынша халыққа қызмет көрсетеді.

1.2. «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен құрылып және жойылады.

1.3. «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы қызметі осы ережеге сәйкес өз міндеттерін орындауға ветеринария және биотехнология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтамасыз етуге, ғылыми зерттеулердің тиімділігін дамыту мен көтеруге, магистрант, студенттер мен оқытушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатынастыруға бағытталған.

1.4. «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы өз қызметінде ҚР-ң заңдарын, Үкіметтің үкімдерін және қаулыларын, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің, университет ректорының бұйрықтарын басшылыққа алады.

1.5. Оқу-ғылыми-өндірістік орталығының меңгерушісі басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады.

1.6. Ереже «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығының негізгі мақсаттарын, қызметтерін, құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, құрылымын анықтайды.

## **2. Құрылымы мен штаты**

2.1. Бөлімнің құрылымы және штаты басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2.2. Штаттық құрамы:

Орталық меңгерушісі – 1,0 бірлік

Мал дәрігері – 1,0 бірлік

Орталық зертханашысы – 1,0 бірлік

Күзетші – 2,0 бірлік

Аула сыпырушы – 1,0 бірлік

Еден жуушы – 3,0 бірлік

Малды бағып-күтуші жұмысшы – 6,0 бірлік

Киім ілуші – 1,0 бірлік

### **3. Мақсаты және негізгі міндеттері**

3.1. Оқу-ғылыми-өндірістік орталығының негізгі мақсаты болып білім алушыларды дайындау мен қайта дайындауға оқу-ғылыми жұмыстарын жүргізіп, сараптамадан өткізуге және ғылым мен өндірісті ұштастыра отырып, білім берудің жолдарын жақсарту.

3.2. Міндеттері:

3.2.1. Мамандар дайындаудың сапасын көтеру.

3.2.2. Институт жоғары мектептерінің оқу жоспарына сай оқу үрдісін жетілдіру.

3.2.3. Оқу-ғылыми-өндірістік орталығы жоспарына сәйкес оқу және өндірістік тәжірибелер, практикалық сабақтар ұйымдастыру, білім алушыларға мамандықтарын меңгерту, теориялық және практикалық оқытудың ұтымды байланысын қамтамасыз ету;

3.2.4. Әр түрлі патологиялары бар ауру жануарларды емдеу және диагностикалау, сонымен қатар алдын алу шараларын жүргізу жөнінде халыққа қызмет көрсету;

3.2.5. Клиника базасында жануарларды емдеу және диагностикалау әдістері бойынша ПОҚ біліктіліктерін арттыру жұмыстарына қатысу;

3.2.6. Оқу процесі мен өндіріске ғылыми нәтижелерді енгізуге ықпал ету;

3.2.7. Студенттердің, магистранттардың және ғылыми-педагогикалық кадрлардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына көмек.

### **4. Қызметтері**

4.1. Клиникалық пәндер бойынша студенттерді оқу үрдісі барысында әртүрлі патологиялары бар жануарлармен қамтамасыз ету;

4.2. Жоғары тиімділікте оқу-ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету;

4.3. Оқу-ғылыми-өндірістік орталығы зертханаларында сапалы, білікті мамандар дайындауға көмектесу;

4.4. Оқу-ғылыми-өндірістік орталығы материалдық-техникалық базасына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарының ПОҚ мен білім алушылармен сапалы жүргізілуін бақылау;

4.5. Студенттерге әр түрлі патологиясы бар ауру жануарларды бақылау бойынша курстық және диссертациялық жұмыстарды ғылыми-техникалық көмек көрсету.

## **5. Құқықтары**

5.1. Биологиялық қалдықтарын жою және ОҒӨО-ның ғимаратын дезинфекциялау туралы келісімдер жасауға;

5.2. Университет бөлімшелерінің орталық қызметтерінің мәселелері талқыланып және шешілетін жұмыстарына қатысуға;

5.3. Университеттің басқарма төрағасы-ректорымен бекітілген орталық жоспарларына керекті жағдайларда өзгерістерді енгізуге;

5.4. Университеттің тәжірибелі ветеринарлары мен қызметкерлеріне арналған семинарларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

5.5. Алдыңғы қатарлы шетелдік ғылыми тәжірибені оқу процесі мен практикасына енгізуге жәрдемдесу.

## **6. Жұмыстың ұйымдастырушылығы**

6.1. «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы өз қызметін негізгі Ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

6.2. Оқу-ғылыми-өндірістік орталығының штаттық кестесі еңбек заңнамасымен анықталып, құрылады.

6.3. Оқу-ғылыми-өндірістік қызметкерлері жұмыстарын өздерінің міндеттеріне, лауазымдық нұсқаулықтары бойынша ұйымдастыра алады.

6.4. Оқу-ғылыми-өндірістік орталығы меңгерушісі ішкі жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырады, осы жұмыстардың жүруіне жағдай туғызады. Сонымен қатар «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының кеңесінің құрамында болып жыл сайын орындалған жұмыстар туралы есеп береді. Жұмыс барысында оқу-ғылыми-өндірістік орталығы меңгерушісі «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының директорына бағынады.

6.5. Қызметкерлердің міндеттерінің өзара алмасуы оқу-ғылыми-өндірістік орталығының меңгерушісімен жүргізіледі.

6.6. Оқу-ғылыми-өндірістік орталығы қажетінше керекті жабдықтармен жабдықталады.

## **7. Басқа бөлімдермен өзара байланысы**

Оқу-ғылыми-өндірістік орталығы оқу-ғылыми зерттеу қызметтерін көрсету аясында «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтымен өзара байланыста әрекет етеді.

## **8. Жауапкершілігі**

8.1. Осы ережеде көрсетілген мақсаттардың, міндеттердің, қызметтердің, құқықтардың сапалы және мезгілімен орындалуына оқу-ғылыми орталығының меңгерушісі жауап береді.

8.2. Оқу-ғылыми-өндірістік орталығының басқа қызметкерлерінің жауапкершілігінің дәрежесі лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленген.

## **9. Сілтемелер**

9.1. ҚР «Еңбек кодексі» 23.11.2015 ж. № 414-V;

9.2. ҚР «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж. № 319;

9.3. ҚР «Ғылым туралы» Заңы. 18.02.2011 ж. № 407-IV.

9.4. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

9.5. ҚР СТ ИСО 9001-2015 Сапа менеджментінің жүйесі талаптары;

9.7. Ішкі тәртіп ережелері. СМЖ.08.ҚЕ.06;

9.8. Жоғары оқу орындарының ішкі нормалық құжаттары.